

Сербия Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарына әкелінетін тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты тарифтік квоталардың 2023 жылға арналған көлемдерін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 16 тамыздағы № 117 шешімі

2019 жылғы 25 қазандағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 4-бабына, Келісімге № 2 қосымшаға, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 35 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Келісімге сәйкес Сербия Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) аумақтарына әкелінетін тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты тарифтік квоталардың (бұдан әрі тиісінше – тарифтік квоталар, тауарлар) 2023 жылға арналған көлемдері №1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Мыналар:

мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген лицензия болған кезде және Келісімде белгіленген еркін сауда режимін ұсыну шарттары сақталған кезде осы Шешімге № 1 қосымшада көрсетілген тарифтік квоталар көлемдері шеңберінде әкелінетін тауарларға қатысты кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі қолданылады;

тарифтік квоталар осы Шешімге № 1 қосымшада көрсетілген, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларға қатысты қолданылады;

тауарларды осы Шешімге № 1 қосымшада көрсетілген тарифтік квоталар көлемдерінен асатын мөлшерде әкелу кезінде және (немесе) Келісімде белгіленген еркін сауда режимін ұсыну шарттары сақталмаған кезде Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері қолданылады деп белгіленсін.

3. Мүше мемлекеттер:

осы Шешімге №1 қосымшада көрсетілген тарифтік квоталар көлемдерін сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында өз заңнамасына сәйкес бөлуді жүзеге асырсын;

осы Шешімге №1 қосымшада көрсетілген тауарлардың импортына лицензия беруді жүзеге асыруды атқарушы биліктің уәкілетті органдарына тапсырсын;

кеден органдарына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-шы күнінен кешіктірмей осы Шешімге №1 қосымшада көрсетілген тауарларды өз мемлекетінің

аумағына әкелу көлемдері туралы ақпаратты № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Еуразиялық экономикалық комиссияға беруді тапсырсын.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 16 тамыздағы
№ 117 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

2019 жылғы 25 қазандағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес Сербия Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарына әкелінетін тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты тарифтік квоталардың 2023 жылға арналған КӨЛЕМДЕРІ

Тауардың атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлік	Тарифтік квота көлемі					
			барлығы	Армения Республикасы	Беларусь Республикасы	Қазақстан Республикасы	Қырғыз Республикасы	Ресей Федерациясы
Оларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу тауардың шығу тегі туралы сертифика ттың 8-бағанында "Glarus cheese with herbs" немесе "Buttercase cheese" не "Cheese made of goat's or sheep's milk" белгісі болған								

кезде кедендік әкелу баждарын төлеуден босату түріндегі тарифтік преференц ияны колдана отырып жүзеге асырылат ын, Сербия Республик асынан шыққан және ЕАЭО СЭҚ ТН 0406 90 690 0, 0406 90 740 0, 0406 90 860 0, 0406 90 890 0, 0406 90 920 0, 0406 90 930 0, 0406 90 990 1 және 0406 90 990 9 кодтарыме н сыныптала тын, шөптер қосып жасалған Гларский ірімшігін, Буттерказе ірімшігін және қой немесе ешкі сүтінен жасалған	0406 90 690 0 0406 90 740 0 0406 90 860 0 0406 90 890 0 0406 90 920 0 0406 90 930 0 0406 90 990 1 0406 90 990 9	тонна	400	2,07	20,04	121,4	253,53
--	--	-------	-----	------	-------	-------	--------

ірімшікті қоспағанда, өзге де ірімшіктер							2,96	
Жүзім шарабын дистилляциялау немесе жүзімді сығу нәтижесінде алынған спирттік тұнба, өзгелері	2208 20 290 0 2208 20 890 0	л 100% спирт	35 000	4 727	3 810	3 275	498	22 690
Құрамында темекі бар сигареттер	2402 20 100 0 2402 20 900 0	1 000 дана	2 000 000*					
			159 149**	39 539	21 993	966	696	95 955

* 2019 жылғы 25 қазандағы Бір жағынан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда аймағы туралы келісімге сәйкес тарифтік квота.

** Тарифтік квотаның бөлінетін көлемі.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 16 тамыздағы
№ 117 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

(нысан)

2019 жылғы 25 қазандағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес оларға қатысты тарифтік квоталар қолданылатын, Сербия Республикасынан шығарылатын тауарлардың жекелеген түрлерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарына әкелу көлемдері туралы АҚПАРАТ

ж. тоқсан үшін

Тауардың атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Данные за квартал (по айам)			
			Өлшем бірлік	саны	құны (АҚШ долларында)
Оларды Еуразиялық экономикалық одақтың		I ай			
		II ай			
		III ай			

кедендік аумағына әкелу тауардың шығу тегі туралы сертификаттың 8-бағанында "Glarus cheese with herbs" немесе "Buttercase cheese" не "Cheese made of goat's or sheep's milk" белгісі болған кезде кедендік әкелу баждарын төлеуден босату түріндегі тарифтік преференцияны қолдана отырып жүзеге асырылатын, Сербия Республикасына н шыққан және ЕАЭО СЭҚ ТН 0406 90 690 0, 0406 90 740 0, 0406 90 860 0, 0406 90 890 0, 0406 90 920 0, 0406 90 930 0, 0406 90 990 1 және 0406 90 990 9 кодтарымен сыныпталатын, шөптер қосып жасалған Гларский ірімшігін, Буттерказе ірімшігін және қой немесе ешкі сүтінен жасалған ірімшікті қоспағанда, өзге де ірімшіктер	0406 90 690 0 0406 90 740 0 0406 90 860 0 0406 90 890 0 0406 90 920 0 0406 90 930 0 0406 90 990 1 0406 90 990 9	тоқсан жиыны	тонна		
Жүзім шарабын дистилляциялау немесе жүзімді с ы ғ у	2208 20 290 0	I ай			
		II ай			
		III ай			

нәтижесінде алынған спирттік тұнба, өзгелері	2208 20 890 0	тоқсан жиыны	л 100% спирт		
Құрамында темекі бар сигареттер	2402 20 100 0 2402 20 900 0	I ай	1 000 дана		
		II ай			
		III ай			
		тоқсан жиыны			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК